



**Сейсенбай Жаңасылов,
З.Көкжалов атындағы спорт мек-
тебінің директоры, халықаралық
дәрежедегі экстра-класс төреші.**

Өркениет өріне құлаш ұрып отырған елімізде салауаттылық өмір салтын қалыптастыру басты мәселе. Ал, салауатты өмірдің спорттан бастауалатыны баршаға мәлім.

Жарыстың күнтізбелік жоспарына сәйкес жыл басынан бері Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі Сүлейменов Елеусіз Қалабекұлының атына арналған мектеп оқушылары арасында тоғыз құмалақтан аудандық біріншілік өтті. Ақадыр кентінде аудандық "Қарлы қыс-2010" спартакиадасының бағдарламасындағы қару-жарақтану футбол, Ақсу-Аюлыдан президенттік қысқы көп сайыстар, конькимен сырғанау, шаңғы эстафетасы, Қарағанды қаласында 19-20 ақпанда облыстық қысқы ХХ-сыншы "Қарлы қыс-2010" спар-

такиадасына қатысқан аудан құрама командасы 5 орынды иеленді. 2010 жылдың 09-11 сәуірінде Астана қаласында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Р.Г.Валиевтің атындағы жүлде үшін самбо күресінен 1994-95 жылғы жасөспірімдер арасында өткен Республикалық біріншілікте Ақадыр кентіндегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спортшылары Жаңаниет Рахат 42 кг салмақ дәрежесінде, Қасымов Олжас 59 кг салмақ дәрежесінде жүлделі I орынға ие болды.

73 кг салмақ дәрежесінде Бекжан Тілеуқұлов III орынды еншіледі. Жоғарыда аталған 2 спортшымыз Р. Жаңаниет пен О.Қасымов 9 мамырда Ресей астанасы Мәскеуде "Жеңіс" атты турнирге қатысып, Қазақстан намысын қорғауға жолда-

ма алды. Ауыл спортшылары балалар арасында I Республикалық спартакиадасының өтуіне байланысты 13-14 сәуірде Ақадыр кентіндегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде қазақша күрестен облыстық, 15-18 сәуірде тоғызқұмалақ жарыстарынан іріктеу жарыстары өткізілді. Бұл аталған жарыстарға Қарағанды облысының 9 ауданнан жасөспірім ауыл спортшылары қатысып, бақтарын сынады.

2010 жылдың 22-23 сәуір аралығында Қарағанды қаласында Ұлы Жеңістің, 65 жылдығына және жасөспірімдер арасында жас спортшыларымыз Нұржан Тұрсынов, Аслан Мұса жеңіл атлетикадан облыстық құрама командасына қабылданып, 17-18 мамырда Павлодар қаласында өткен Республикалық жеңіл атлетика жарысына қатысып келді. 20-24 маусым аралығында облыстық "Coca - Cola" . "Былғары доп-2010" футбол турнирінде жасөспірімдер арасында Ақадыр кентіндегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спортшылары I орынды жеңіп алып, 12-20 тамыз аралығында Тараз қаласында өтетін Республикалық турнирге жолдама алды.